

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
«Талғар политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

БЕКІТЕМІН

Колледж директорының
ТІЖ орынбасары
Құрманғожаева Ж.Б. _____
«__» _____ 2017ж.

**ТАҚЫРЫБЫ: «*Поэзия менімен
егіз бе едің?*»**

Жауапты оқытушы: Қабылбекова Ж.Н

Талғар 2017 ж.

1-жүргізуші (Самат): Қымбатты ұстаздар, қонақтар, оқушылар! Ақиық ақынның шығармашылығына арналған «Поэзия менімен егіз бе едің?» атты әдеби-сазды кешімізді бастаймыз.

Рахым Дидар (11 топ): Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Мен сені, сезесің бе, неге іздедім,

Алауыртқан таңдардан сені іздедім.

2-жүргізуші (Александра): Алғашқы сөз кезегін Колледжіміздің директоры Кибекбаев Жұмағали Тұсынұлына береміз.

1-жүргізуші (Самат): Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар халық-шынымен бақытты халық.

2-жүргізуші (Александра): Мақатаев родился 9 февраля 1931 года в селе Карасаз Алма - Атинской области. Красота родного, счастливого края стала источником его поэтического дара. Полное имя поэта — Мухаметкали, но его с детства ласково называли Мукағали, считая, что бремя ответственности (нелегко носить имя Пророка) может осложнить жизнь маленького ребенка. У молодых родителей Мақатаевых, Сулеймена и Нагиман, он был первым из троих детей. Отец поэта, скромный и работающий человек, за год до войны стал председателем колхоза. В 1941 году началась ВОВ и его отец Сулеймен ушел на войну. Тогда 10 летний Мукағали скучая по отцу начал писать стихи Из - за тяжелой жизни Мукағали быстро повзрослел. Он закончил среднюю школу - интернат, работал секретарем сельсовета, заведующим красной избой, комсомольским работником и учителем семилетней школы.

1-жүргізуші (Самат): Иә, Мұқағали- ғажайып, ақиық, сыршыл, ақын. Ол- бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дауыстардан толы алатын жұмбақ ақын. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды. Өлең «Бүгін менің туған күнім»

2-жүргізуші (Александра): Родной аул Мұқағали - у подножья горы Хан тегри, где много родников и лугов. Увидев красивую красоту здешней природы невозможно не стать поэтом. Мукағали все эту красоту описывал в своих стихах. Он хорошо знал русский, немецкий языки. Находясь в ауле он через почту выписывал книги. Мукағали поэт, который читал мировую классику и перевел на казахский язык Данте, сонеты Шекспира, песни Уолта Уитмена.

Күй: 12-топ Сызғанбердиев Ерсұлтан

1-жүргізуші (Самат):

Кір жуып, кіндік қаны тамған туған жері, ғажайып өлкесі туралы толғанысы ерекше болатын. Қарасазға деген ақын махаббаттын сөзбен жеткізу мүмкін емес еді.

Ән сал жаным,

Әніңмен тербет мені.

Бір сәтке

Тынсын тірлік жер-көктегі — деп ақын жырлағандай әнге кезек берейік.

Ән: Қайрат: Қайран қарасазым-ай

2-жүргізуші (Александра): Иә, ақынның мұңы бізге де жетті. Оның тілегін орындау – біздің парызымыз. Аламан бәйгеге оза шауып, өлең-жырда шамасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали ақынның өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек те, біріміз білмейміз. Олай болса, қыран тағдырлы ақын Мұқағали ағаның өмір жолына көз жүгіртіп өтейік.
/Интерактивті тақтадан Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы баяндалады./

Би: 16-топ Мадина: *Қазақ биі*

1-жүргізуші (Самат): Ақын жүрегі сезімтал ғой. Ол өз замандастары мен кейінгі ұрпағының өзін өлеңдерімен бірге есіне алып жүрерін алдын ала сезді ме?

1-жүргізуші (Самат): Ақ ұлпа жерді жапқанда,

Ағаштар сырға таққанда.

Бозарып атқан ақ таңда,

Бозарып тұрып ақпанда

Есіңе мені алғасың,- деп толғанады ақын. Ендеше кезекті әнге берейік.

Ән: Бағлан «Есіңе мені алғайсың»

2-жүргізуші (Александра): Туған жерге, халқына, досына, Отанына, ата-бабаларына, ана тіліне деген махаббат сезімі ақын ретінде оның басты тақырыбы еді. Өзінің ұлтын, туған тілін ерекше құрметтеді.

1-жүргізуші (Самат): Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,

Аңызыма неге нәр тамызбайын.

Қара өлеңі қазақтың қаза болса,

Қара көзден неге қан тамызбаймын,- деп өзі жырлағандай, кезекті ақын өлеңдеріне берейік.

Шырын: «Туған жер» Дидар «Сәби болғым келеді»

Максакова Юлия «Болашакқа»

Үміт: «Өмір дейтін», Дидар «Кешіріндер, кешіктім, жарандарым»

2-жүргізуші (Александра): Бәрі де,Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Сен деп жаздым алғаш өлең дастанды.
Қуандым ба,
Өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба,
Өзің жоқ деп жас тамады.
Бәрі де,Ана,
Бір өзіңнен басталды.

1-жүргізуші (Самат): Клип: Ана жүрегі клип

1-жүргізуші (Самат) :

Көрініс «Тағдыр тәлкегіне түскен » Қатысатындар: Мирас, Дидар, Бағлан,
Қайрат, Сабина, Гүлім, Үміт.

Ән: Бағлан, Дидар, Мирас «Көнеміз ғой»

2-жүргізуші (Александра): Мұқағали –адамдар арасындағы, өмірдегі,
табиғаттағы жастық пен келісімнің жыршысы. Ақын ұлы сезімге бас иіп, өз
өлеңдерінде махаббат тақырыбын кеңінен суреттеген.
«Ғашықпын» өлеңі **Қыз:**Аяжан, **Жігіт:**Мадияр

1-жүргізуші (Самат): Ақын жүрегі нәзік, сезімтал. Кейде өмірден безініп, ол
да өзіне сүйеніш, тірек болар адамды іздейді. Кез- келген адам ақын жанын
түсіне бермейді. Сондай уақытта Мұқағали Фаризаны тапты. Ақын ағамыз
қазақтың ақын қызына арнап өлең шығады.

Ән: Шыңғыстың орындауындағы **«Фариза қыз»** әнін қарсы алыңыздар.

2-жүргізуші (Самат): Өміріміздің асыл қазынамыз ортамыздан қатары сиреп
бара жатқан қариялар. Ақын әкесінің құрдастарына да көп жыр арнаған.

Үміт:*«Мен қарапайым қарттарды сүйемін»*

1-жүргізуші (Александра): Өлең барда шырқатып мен жазамын,
Мен қызымын мына кең бай даламның
Мұқағали секілді бәйтеректі
Алып кеткен ажалға таң қаламын.

2-жүргізуші (Александра):Өздерінің жүректен шыққан сөздерін Мұқағалиға
арнаған ақын студенттерімізді шақырайық. Шарапат, Гүлім*«Мұқағалиға
арнау»*

Қайрат: *«Даридай»* әні

1-жүргізуші (Самат): Міне, бүгінгі кешке қатысқан тыңдарман қауым, Мұқағалидың сырлы, әуенді, мұңды жырларына қанық болдыңдар деп ойлаймыз.

2-жүргізуші (Александра): «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали жырлары жылдан -жылға, ғасырдан- ғасырға жалғаса бермек! Мұқағали-мәңгілік өмір!

1-жүргізуші (Самат): Қортынды сөз кезегі колледжіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманғожаева Жеңісгүл Болатжанқызыны беріледі.

1-жүргізуші (Самат): Нұрғиса Тілендиев ақынның ауылы Қарасазға Мұқағалимен бірге демалуға барады. Екеуі жайлау төрінде отырады. Неге мына жасыл жайлау туралы ән шырқамасқа. Нағыз Саржайлау дегеніміз мына жатқан Шалкөденің кең төсі емес пе?-деп таңқалған. Содан ағамыз лезде «Саржайлауға» арнап, егілдіріп, төгілдіріп, құлпыртып өлең жазды. Сөйтіп «Саржайлау» әні өмірге келді.
Ән: «Саржайлау»

2-жүргізуші (Александра): Сонымен, ақиық ақын Мұқағалиға арналған «Поэзия меніменен егіз бе едің?» атты әдеби-сазды кешіміз аяқталды.

1-жүргізуші (Самат-Александра): Келесі көріскенше амандықта болайық.